

Әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 102 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 наурызда № 9030 болып тіркелді "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қостанай облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мухамбетов

Әкімдіктің
2020 жылғы 16 наурыздағы
№ 102 қаулысына
қосымшасы

Қостанай облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" 2015 жылғы 26 қарашадағы № 519 қаулысы (2016 жылғы 6 қаңтарда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6089 болып тіркелген).

2. Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 519 "Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2016 жылғы 7 қарашадағы № 499 қаулысы (2016 жылғы 13 желтоқсанда "Костанайские новости" газетінде жарияланған,

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6725 болып тіркелген).

3. Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 519 " Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2018 жылғы 12 маусымдағы № 276 қаулысы (2018 жылғы 4 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7908 болып тіркелген).

4. Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 519 " Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 9 шілдедегі № 284 қаулысы (2019 жылғы 16 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8582 болып тіркелген).

5. Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 8 қаңтардағы № 4 қаулысы (2019 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8239 болып тіркелген).

6. Қостанай облысы әкімдігінің "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" 2016 жылғы 16 мамырдағы № 232 қаулысы (2016 жылғы 23 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6457 болып тіркелген).

7. Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 232 " Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2017 жылғы 12 қыркүйектегі № 441 қаулысы (2017 жылғы 11 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7229 болып тіркелген).

8. Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 232 " Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2018 жылғы 12 маусымдағы № 277 қаулысы (2018 жылғы 4 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7909 болып тіркелген).

9. Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 232 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 27 қарашадағы № 497 қаулысы (2019 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8796 болып тіркелген).

10. Қостанай облысы әкімдігінің "Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысы 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 178 қаулысы (2019 жылғы 6 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8396 болып тіркелген).

11. Қостанай облысы әкімдігінің "Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" 2019 жылғы 13 тамыздағы № 340 қаулысы (2019 жылғы 22 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8631 болып тіркелген).